



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына***2023 жылғы 4 қазандағы № ДС-384-ке қатысты***Құрметті депутаттар!**

Сіздердің еліміздегі діни ағымдардың қызметіне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын насихаттау, зайырлылық қағидаттарын ілгерілету және ұлттық құндылықтарды нығайту мақсатында дін мәселелері бойынша кешенді ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, азаматтардың әртүрлі санаттарымен кездесулер мен семинарлар тұрақты негізде өткізіледі.

Мәдениет және ақпарат министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) жергілікті жерлерде дін мәселелері жөніндегі өңірлік ақпараттық-түсіндіру топтарының қызметін үйлестіруді қамтамасыз етеді. Өңірлерде дін мәселелері бойынша 3049 дәріскерден тұратын 229 топ жұмыс істейді. 2023 жылдың 9 айында 28500 іс-шара, оның ішінде жастар арасында 6800-ден астам іс-шара ұйымдастырылды.

Бұл ретте халықтың дін сауаттылығын арттыру және діни экстремизмнің алдын алу мақсатында жыл сайын «Өңірлерде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» (15 өңірде 10956 адамды қамти отырып, 328 іс-шара ұйымдастырылды), сондай-ақ «Діндар әйелдер арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» (3151 адамды қамтыған 119 іс-шара) жобалары іске асырылуда.

Тәжірибелік жұмыста пайдалану үшін әдістемелік ұсынымдар дайындалып, өңірлерге жолданды (*«Жергілікті атқарушы органдар үшін діни экстремизмнің алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі материалдарды әзірлеу және насихаттау», «Қазақстандағы жаңа діни бағыттардың (ағымдардың) ақпараттық саясатын зерделеу және әрекет ету»*).

Бұған қоса, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (*бұдан әрі – ҚМДБ*) тарапынан құрамына 592 білікті имам мен теолог мамандар

кіретін республикалық және жергілікті ақпараттық-насихат топтары белсенді қызмет атқаруда.

Өңірлермен 10 238-ге жуық түрлі форматтағы материалдар (*видео-546, фото-1622, мәтін-907, басқа да форматтарда - 561*) әзірленіп, әлеуметтік желілерде 75 мыңнан астам жарияланым орналастырылып, БАҚ-та 3310 материал (*254 республикалық, 3056 жергілікті деңгейде*) жарияланды.

Интернет-кеңістікте жүйелі түрде діни экстремизмнің алдын алу және қарсы насихаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Контентті анықтау мақсатында тұрақты негізде интернет-кеңістікке мониторинг жүргізіледі. Діни тақырыптағы құқыққа қайшы және резонанстық материалдарға ден қоюға көмектесетін «Кибернадзор» ақпараттық жүйесі жұмыс істейді. Жұмыс нәтижесінде 97 мыңнан астам деструктивті сипаттағы сілтемелер бұғатталды. Қазақстандық қолданушылар үшін 248 материалға қолжетімділік бұғатталып, ал 2971 материал жойылды.

Анықтама: 20 мыңнан астам адам әлеуметтік желілердегі дәстүрлі емес діни ағымдарды насихаттау көздерінен бас тартты. 2023 жылдың басынан бері желілерде экстремистік материалдарды таратқаны үшін 70-ке жуық адам әкімшілік жауапқа тартылды.

Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытудың 2023 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары (*бұдан әрі – Кешенді жоспар*) жүзеге асуда. Ведомствоаралық үйлестіруді жетілдіру, экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі қосымша шаралар кешенін әзірлеу, жеке тұлғаны, қоғамды және мемлекетті зорлық-зомбылық сипатындағы экстремистік көріністерден және терроризм қатерлерінен сенімді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүргізілуде.

Туризм және спорт министрлігі Ішкі істер министрлігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Бас прокуратурамен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, спорт саласында деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу жөніндегі Жол картасының жобасын әзірледі.

Қазіргі заманғы сын-қатерлерді назарға ала отырып, Үкімет деңгейінде жүйелі шараларды талқылау және әзірлеу мақсатында ҚМДБ басшылығымен, сондай-ақ белгілі теологтар мен өңірлік сарапшылар тобымен кездесулер өткізіліп, онда ағымдағы діни ахуал, проблемалық мәселелер және оларды шешу жолдары талқыланды.

Кездесулер мен айтылған ұсыныстардың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын дамытудың 2024 - 2028 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленуде.

Діни саланы заңнамалық қамтамасыз ету бойынша

Бұл мәселенің қазіргі жағдайдағы өзектілігін ескере отырып, Үкімет діни қызмет саласындағы заңнаманы, атап айтқанда «деструктивті діни ағым» және «діни радикализм» ұғымдарын енгізу; деструктивті діни ағымдарды ұстанушылармен оңалту жұмысын заңнамалық қамтамасыз ету; діни

әдебиеттерді, ақпараттық материалдар мен діни мақсаттағы заттарды таратуға мүмкіндік беретін субъектілердің тізбесін әзірлеу; интернет-ресурстар; қоғамдық орындарда бетті тануға кедергі келтіретін киім заттарын киюге шектеулер енгізу және т. б. жетілдіру бойынша жұмыс атқарылуда.

Аталған түзетулерді талқылау және келісілген шешім әзірлеу мақсатында ҚМДБ-мен, теологтармен, сарапшылар қауымдастығы және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен отырыстар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізілуде.

Аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов